

Түркістан облысының білім басқармасының Созак ауданының білім бөлімі
«Балдырған бөбекжай - бакшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

13.09.2023ж

Құмкент ауылы

Хаттама №1

Жалпы ата-аналар жиналысы

Қатысуы тиіс: 65

Қатысқаны: 38

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. 2023-2024 оқу жылына жалпы ата-аналар комитетін сайлау. Балабақшаның күн тәртібімен таныстыру.
2. Баяндама: Жаңадан қабылданған балалардың бөбекжай-бакшаға бейімделуі.
3. «Отбасы махаббаты неде?» тренинг
4. Ағымдағы мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ

1. Меңгеруші Т.Бимырзаева:

2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыра отырып биылғы оқу бағдарламасында перспективалық жоспар түзіліп, білім беру жүйесі Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде шыққан мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің бағдарламамен таныстырып, осы бағдарлама аясында барлық іс әрекеттер режимдік сәттер арқылы жүзеге асатыны, білім беру дағдылары күнделікті іс әрекеттер барысында өткізілетіні жайлы түсініктеме берді.

2. Тәрбиеші Г.Терискенбаева

Ата-аналар комитетінің 2023-2024 оқу жылындағы құрамы өз міндеттерін, тапсырылған жұмыстардың атқарылуына зор ынтамен атсалысқанына бакша әкімшілігінің атынан алғысын айта келіп, биылғы 2023-2024 оқу жылының жаңа құрамын сайлау керектігін айтып өтті. Себебі ата-аналар комитетінің құрамында мектеп жасына толуына байланысты балабақшадан шыққан балалардың ата-аналарының бар екендігін, соған байланысты комитет мүшелерінің жаңа құрамы сайлану керектігін сөзге тиек етті.

ЖАРЫССӨЗ

Ата-ана Жақсыбаева Ақбота: Балабақша әкімшілігінің бұл ұсынысына толық қосыламын. Өз ұсынысымды айтар болсам, қолынан іс келетін, ұйымдастыру қабілеті жоғары Сактаганова Асел апай болса деймін.

ҰСЫНЫС

Ата-ана Сағат Балиұр: бұл ұсынысқа мен де қосыламын және барлық ата-аналар ұсынысты қолдайды деп сенемін. Ата-аналар комитетінің төрайымы Сактаганова Асел, көмекшілері Керімбай Әлия, Умиркулова Қарлығаш деп ұсыныс білдіремін. Бұл ұсынысты барлық ата-аналар бір ауыздан құптады.

3. Психолог Г. Абдуллаева

Жаңа оқу жылына орай ұйымдастырылған жиыналыс барысында ата-аналармен танысу. Ата-аналарға отбасылық өмірде махаббат, сыйластық, татулық құндылығын сақтай отырып, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлу керектігін түсіндіру. Балабақша мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында тренинг ұйымдастырды. (тренинг қоса тігілді)

Әдіскер О. Татимова «Жаңадан қабылданған балалардың бөбекжай-бақшаға бейімделуі.» атты баяндамасында жаңа ортаға бейімделу процесі- бұл жаңа ортаға бейімделу ғана емес күні бойы жаңа режимді, жаңа орта, жаңа қарым-қатынас сонымен қатар жаңа дағдыларды дамытуға балаларды түрлі жолмен тәрбиелеу мен дамыту болатыны туралы сөз етті.

4. Медбике У. Байрбекова

Күз мезгіліне орай балаларды балабақшаға жылы киіндіріп жіберу, жеке басының гигиеналық шараларын, тазалықты сақтау жөнінде, сондай-ақ алдағы келе жатқан маусымдық дерттердің алдын алу үшін балаларға барынша назар аударып, жылы киіндіріп қана қоймай, суық су ішпейін, сыртта ұзақ уақыт суықта жүріп қалмауын қалағалау жөнінде ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамы бір ауыздан сайлансын.
2. Ата-аналармен ықпалдаса отырып жұмыс жасау, қарым-қатынас жасау басты назарға алынсын.
3. Тақырыптық баяндамалар, тренингтік жұмыстары бойынша ата-аналардың белсенділігін анықтау жұмыстарын жүргізу, топ тәрбиешілерімен, мейірбикеге, психологқа тапсырылсын.



Менгеруші

Т. Бимырзаева

Ата-аналар комитетінің төрайымы: А. Сактаганова

Хатшы:

Г. Еркінбекова

27.05. 2024ж

Құмкент ауылы

Хаттама №2

Жалпы ата-аналар жиналысы

Қатысуы тиіс: 63

Қатысқаны: 48

Тақырыбы: Бала- біздің болашағымыз

Мақсаты: Ата-аналарға балалардың құқығы маңызды екенін түсіндіру. Ата-ана- біздің еліміздің кішкентай азаматтарының негізгі гранты болып табылатынын ұғындыру.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Балабақша тынысымен, өткізілген іс-шаралармен таныстыру.
2. Жыл бойы жүргізілген оқу тәрбие жұмысының қорытындысы
- 3.«Жаз мезгілінде жұкпалы аурулардың алдын алу» баяндама
4. Ағымдағы мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ

1.Менгерушісі Т.Бимырзаева:

"Балдырған" бөбекжай-бақшасының жылдық жұмыс жоспарының барлық құрылымына сәйкес жұмыстар толық жүргізілді. Ағымдағы оқу жылында педагогтеріміз білімін көтеріп, тәрбиеленушілеріміз Халықаралық, республикалық деңгейде ұйымдастырылған қашықтықтан ұйымдастырылған бірнеше байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Бұл жетістіктердің барлығы сіз бен біздің бірлесе жұмыс жасауымыздың арқасы деп білемін. Сондай, ақ тәрбиеленушілеріміздің білімдері мен біліктерінің қорытынды деңгейінен балалармен ұйымдастырылған түзету іс-шараларының өз деңгейінде жүргенін байқадыңыздар. Алдағы уақытта да осындай қарқынмен балаларға білім мен тәрбиені сіңіруде жұмыс атқарамыз деп сіздерді сендіремін.

Жазғы сауықтыру айларына орай балабақшаның сауықтыру айларына арналған перспективалық жоспарлары мен апталық циклограммаларының жасалғандығын, ойын алаңдарына жаңадан күм әкелініп төселгенін, жазғы ойын бастырмаларының жағдайы, ойыншықтардың жөндеуден өткізілгендігі жөнінде айтып өтті.

2.Әдіскер О.Татимова:

2023– 2024 оқу жылы бойынша балабақшада жас ерекшеліктеріне сай 3 топта 65 бала тәрбиеленді.

Қойылған міндеттерді орындау мақсатында балабақшада жоспарлы жүйелі түрде жұмыс жасалды.

Балабақшаның негізгі жұмыс бағыттары – балалардың денсаулығын сақтау, нығайту және әлеуметтік ортаға бейімдеу, табысты тұлғаның құзғіреттілігін қалыптастыру. Жүйелі түрде: балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде таңертеңгілік жаттығу, серуенде қимылды ойындар, іс-әрекетерде сергіту сәттері өткізілді. Педагогикалық ұжым барлық жас ерекшеліктеріне сай топтардағы өтілетін сауықтыру шынықтыру шараларына баса көңіл бөлді. Бұл шынықтыру шаралары: күндізгі ұйқыдан кейінгі түрлі сауықтыру шаралары, релаксациялық және тыныс алу жаттығулары, бұлшық еттерге нүктелі жаттығулар, күн, су, ауа процедурасы, дәрумендермен қамтамасыз етілді.

Педагог мамандардың білім көтеру көрсеткіші

Әдіскер Татимова Орынқұл Бахтиярқызы- мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзғіреттілігін дамыту тақырыбы бойынша курсы (сертификат);

Меңгеруші Бимырзаева Тансық Кабақовна- мектепке дейінгі ұйымдардың білім сапасын басқару тақырыбы бойынша курсы (сертификат);

Тәрбиеші Байтуяқова Гульдар Қуатовна- мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік құзғіреттілігін дамытудағы арт-педагогикалық технологиялар тақырыбы бойынша курс (сертификат)

Психолог Абдуллаева Гульназира Нағашбековна- мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу тақырыбы бойынша курсы (сертификат);

Тәрбиеші Нұсқабаева Меруерт Тазабекқызы-Мектеп жасына дейінгі балаларда этномәдени құндылықтарды қалыптастыру бойынша педагогтың кәсіби құзғіреттілігін дамыту тақырыбы бойынша курс (сертификат)

Логопед Абдраманова Меруерт Есеновна- мектепке дейінгі ұйымдарды инклюзивті оқыту тақырыбы бойынша онлайн курс (сертификат)

Тәрбиеші Бижанова Жадыра Бейбітқызы- мектепке дейінгі ұйымдарды инклюзивті оқыту тақырыбы бойынша онлайн курс (сертификат)

Дефектолог Айтуова Маржан Искендіровна – мектепке дейінгі ұйымдарды инклюзивті оқыту тақырыбы бойынша онлайн курс (сертификат)

Балабақшаның жеткен жетістіктері

Әдіскер Татимова Орынқұл Бахтиярқызы- мемлекетіміздің рухани әлеуетін нығайту мен білім беру сапасын арттыру саясатын жүзеге асыруда кәсіби жаңашылдығы, үздіксіз ізденімпаздығы және жоғары нәтижелері үшін мадақтама;

Әдіскер Татимова Орынқұл Бахтиярқызы-білім беру жүйесі дамуының жаңа міндеттеріне сәйкес, цифрландыру заманындағы мұғалім тәжірибесіндегі интербелсенді әдістерін жетілдіру және білім берудің онлайн ресурстары бойынша ақпаратты кең таратып, ұстаздармыздың еңбегін еселеп, шығармашылық өре талғамын, білімділік қуатын бағамдауда кәсіби шеберлік танытқаны үшін мадақтама;

Әдіскер Татимова Орынқұл Бахтиярқызы- Қазақстанда білім беру мен тәрбие үдерісіне инновациялық қызметті нгізу арқылы білім сапасын арттыруға, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін, интеллектуальды қабілетін дамыту мен келепр ұрпақ бойына үлкен азаматтық жауапкершілік пен Отаншылдық сезімін қалыптастыруға қосқан зор үлесі үшін алғыс хат;

Меңгеруші Бимырзаева Тансық Кабақовна- Қазақстанда білім беру мен тәрбие үдерісіне инновациялық қызметті нгізу арқылы білім сапасын арттыруға, білім алушылардың

шығармашылық әлеуетін, интеллектуальды қабілетін дамыту мен келепр ұрпақ бойына үлкен азаматтық жауапкершілік пен Отаншылдық сезімін қалыптастыруға қосқан зор үлесі үшін алғыс хат;

Меңгеруші Бимырзаева Тансық Кабаковна- білім беру жүйесі дамуының жаңа міндеттеріне сәйкес, цифрландыру заманындағы мұғалім тәжірибесіндегі интербелсенді әдістерін жетілдіру және білім берудің онлайн ресурстары бойынша ақпаратты кең таратып, ұстаздармыздың еңбегін еселеп, шығармашылық өре талғамын, білімділік қуатын бағамдауда кәсіби шеберлік танытқаны үшін мадақтама;

Республикалық «BALA DARYN мәнерлеп оқу» онлайн байқауының жеңімпазы Бақытжан Даниял 2023 ж III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Халықаралық Білім академиясының «1-наурыз-алғыс айту күніне» орай ұйымдастырылған балалар байқауына сурет бағыты бойынша қатысып, ерекшеленгені үшін Өндірісбек Адия марапатталды.

«Халықаралық Білім академиясы» ұйымдастырған республикалық «Сиқырлы қалам» атты балалар байқауына сурет бағыты бойынша қатысып, ерекшеленгені үшін Болатбай Ералы марапатталады.

«Халықаралық Білім академиясының» ақпан айында ұйымдастырған республикалық қашықтықтан балалар байқауына балалардың шығармашылық жұмыстарын ұсынып, белсенділік танытқаны үшін Бижанова Жадыра Бейбітқызы марапатталды.

«Халықаралық Білім академиясының» ұйымдастырған наурыз айына арналған республикалық балалар байқауына балалардың жұмыстарын ұсынып, жетекшілік еткеніңіз үшін алғыс хатпен Бижанова Жадыра Бейбітқызы марапатталды.

Астана қаласы «Дарын» республикалық білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен республикалық ««BALA DARYN мәнерлеп оқу онлайн байқауының жеңімпазы Өндіріс Шакен III-дәрежелі дипломмен марапатталды, жетекшісі Еркінбекова Гүлжамал.

Астана қаласы «Дарын» республикалық білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен республикалық ««BALA DARYN мәнерлеп оқу! онлайн байқауының жеңімпазы Бақытжан Даниял 2023ж III- дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Халықаралық білім академиясы» ұйымдастырған «ҚЫСҚЫ ПЕЙЗАЖ» атты балалар байқауына сурет бағыты бойынша қатысып, ерекшеленгені үшін Жақсылықұлы Сакен , I- дәрежелі дипломмен марапатталды.

Астана қаласы «Дарын» республикалық білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен республикалық ««BALA DARYN мәнерлеп оқу!

онлайн байқауының жеңімпазы Мырзахмет Жаһангер , жетекшісі Абдраманова Меруерт марапатталды.

Диплом 1-орын Республика педагогтарының ғылыми-әдістемелік және өнер-білім орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Бояулар күніясы» жас суретшілер байқауына қатысып, жұмысы үздік деп танылғаны үшін Мұратәлі Дарын марапатталады.

Диплом 1-орын Республика педагогтарының ғылыми-әдістемелік және өнер-білім орталығының ұйымдастырған Республикалық «Алтын қазына» өнер байқауына қатысып, «Қолөнер» номинациясы бойынша үздік өнер көрсеткені үшін Бижігіт Қазына марапатталады.

Диплом 1-орын «Халықаралық Білім академиясы» ұйымдастырған республикалық 16-желтоқсан –Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған «Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұғыры» атты балалар байқауына қолөнер бағыты бойынша қатысып, ерекшеленгені үшін Бердіқұл Медина марапатталады.

Психолог Абдуллаева Гульназира Нағашбековна – білім беру жүйесінде, сала қызметкерлерін әлеуметтік қорғауда атқарған көп жылдық мүлтіксіз және белсенді еңбегі үшін құрмет грамотасы;

Балалардың мектепке дайындығының деңгейі

Барлығы:	Жоғары деңгей:	Орта деңгей:	Төмен деңгей:
25 тәрбиеленуші	80%	20%	-

3.Медбике У. Байрбекова

Жаз мезгіліне орай, балабақшада маусымдық іс-шараның жасалғанын, соған орай балаларды балабақшаға жеңіл, басына жұқа бас киім кигізіп жіберу, жеке тазалықты сақтау жөнінде ата-аналарға түсіндіріп өтті. Жаз айы өте ыстық мезгіл болғандықтан баланың үй жағдайында тамақтануына аса назар аудару керектігін, салқын суды ішпеуін, күннің көзінде көп уақыт ойнап қалмауын қадағалауды, құм, су, күн процедурасын отбасында да өз уақытымен қолдану керектігі жөнінде кеңес берді.

4.Ата-аналар комитетінің төрайымы А.Сактаганова:

Балабақша мен ата-ана арасындағы тығыз байланыс биылғы оқу жылында өте жоғары дәрежеде орын алды. Барлық жоспарланған балабақшаның іс-шараларының куәсі болдық. Барлығы өте жоғары дәрежеде өткізілді. Ата-анаар қауымдастығыда өз кезегінде іс-шараларға ат салысты.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Оқу жылының жұмысы өз дәрежесінде орындалған. Жазғы сауықтыру айларының жылдық жұмыс жоспарлары бекітілсін.
2. Оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық.
3. Жазғы сауықтыру айларына байланысты жұмыстарды өз дәрежесінде жүргізу медбикеге міндеттелсін
4. Ата-аналар комитетінің жұмысы назарға алынсын.

Балабақша меңгерушісі

Т.Бимырзаева

Ата-аналар комитетінің төрағасы

А.Сактаганова

Хатшы

Г.Абдуллаева